

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

МҒТАР 16.21.33

Ж. Күзембекова¹, Р. Ақшолақова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050059, Қазақстан Республикасы

ТІЛДІК ЖОСПАРЛАУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ЖҮЙЕСІ

Мақалада тілдік жоспарлау және тілдік саясат терминдерінің мағыналық айырмашылығы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері жинақталып, топтастырылған. Тілдік жоспарлау теориясының қалыптасу жолы мен өзіндік даму бағыты, бүгінгі қалпы келтірілген. Кез келген тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін көбейту үшін тілдік жоспарлауды дұрыс жүргізу маңызды. Ол сол қоғамдағы жанжалдық жағдайлардың алдын алып, тілдік белгі бойынша кемсітулер мен шектеулерге жол бермейді. Бұл мемлекет мүшелерінің қауіпсіздік сенімі мен өмір сүру гармониясын туындатып, болашаққа қатысты үмітін оятады. Сондықтан, тілдік саясат мемлекеттік (ұлттық) саясаттың бір бөлігі ретінде мол әлеуетке ие екені даусыз. Авторлар тілдік жоспарлау мәселесін тілдік қоғамдағы тұтастық пен түсінушілікті қалыптастыру құралы ретінде қарастырды.

Кілт сөздер: жаһандану, тіл, тілдік жоспарлау, тілдік саясат, тілдік идеология.

КІРІСПЕ

Кез келген ғылыми бағыт теориялық негізделіп, жеке мақсат-міндеттері айқындалып, әдістері қалыптасқан кезде өзіндік даму қарқынына ие болады. Тілдік жоспарлау теориясы жеке сала ретінде толық қалыптаспаған. Дегенмен, тілдік жоспарлау теориясы қамтитын мәселелер жаңа емес, оған тарихи дәлелдер жетерлік. Тілді жоспарлау арқылы ішкі әлеуеті мен қызметін дамыту, мәртебесін анықтау әрі қолданыс сипатын өзгерту қашан да өзекті. Әсіресе, қазіргі жаһандану кезінде әр мемлекет тілдік жоспарлау теориясына жүгінеді. Өйткені мемлекет үшін ұлттың тілін, табиғи ерекшеліктерін (тілін, ұлттық менталитетін, этностық дүниетанымын) сақтап қалу маңызды. Шындығында, жаһандану жай гомогенизация емес, керісінше мәдени бірегейлікті тереңдетіп жақсартады, ерекшелейді. Себебі, біріншіден, адамдар жай мәдени әсер етудің объектілері емес, мәдениетті қабылдамайтын не өзгерте алатын субъектілерге айналады. Сонымен қатар, ғылым мен техниканың дамуымен адамдар бұрынғыдан да жақындаса түседі. Жаһанданудың жаңа дәуірінде адамдар өздерінің мәдениеттерінің бірегейлігі мен ерекшелігіне көбірек алаңдай бастады. Мәдени бірегейлік жергілікті білімнің жаһандық маңыздылығын айғақтап, жергілікті қоғам мен ұлт сезімін қорғайды [1, 38]. Мәдени ерекшелік пен айырмашылықтың жиынтығы тілде сақталады, сондықтан елдер арасында өз тілдерін сақтап қалу жанталасы айқын көрінеді. Тілдік жоспарлау мәселесіне тоқталған кезде терминологиялық бірзділіктің жоқтығы байқалады. Ғылыми айналымда тілдік жоспарлау, тілдік саясат, тілдік құрылыс, тілдік менеджмент, тілдік басқару, тілдік инжиниринг және т.б. терминдері қолданылады. Қазақстандық және америкалық ғалымдар тарапынан тілдік жоспарлау терминіне басымдық берілсе, ресейлік лингвистер тілдік саясат терминін жиі пайдаланады. Тілдік жоспарлау және тілдік саясат терминдерін қосарлап, бір мәнде қолдану сипаты да бар. Лингвистикадағы аталмыш мәселеге қатысты әртүрлі ыңғайлар оның тіл білімі теориясындағы өзектілігін әрі ғалымдар тарапынан қызығушылыққа ие екенін көрсетеді. Оның себебін былай түсіндіруге болады: бір мемлекеттік құрылым аясында бірнеше тілдік қоғам болған жағдайда тілдік

саясат жүргізіп, тілдік жоспарлауды қолдану қажеттілігі туындайды. Ал қазіргі жағдайда бір тілмен шектеліп, оқшау дамып жатқан мемлекет жоқтың қасы. Сондықтан географиялық картадағы тәуелсіз мемлекеттердің барлығы тілдік жоспарлауды қолданады. Тілдік саясат, әсіресе, қалыптасу үстіндегі елдер үшін қажетті саяси үдерістердің бір бөлігі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Зерттеудің мақсаты – тілдік жоспарлау, тілдік саясат ұғымдарын анықтауға қатысты пікірлерді топтастырып, аражігін ажырату, тілдік жоспарлау теориясының қалыптасу жолын саралау. Көрсетілген мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: 1) тілдік саясат және тілдік жоспарлау терминдерінің мағыналық айырмашылықтарын анықтап, қолданылу сипатын талдау, ғалымдардың пікірлерін топтастыру, 2) тілдік жоспарлау теориясының терминдік өрісін анықтау, қалыптасу жолын зерттеу, теориялық мәселелерін талдау. Мақаланың жаңалығы осы тақырып аясында жарық көрген ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі жаңа еңбектерді талдау арқылы ғылыми ыңғайларды топтастырудан әрі жүйелеуден көрінеді. Мақаланың материалы ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми мақалалары, монографиялары, оқулықтары алынды.

Тілдік жоспарлау терминін 1959 жылы алғаш қолданып, ғылыми айналымға енгізген норвегиялық ғалым Э. Хауген еді. Оның түсінігінде ұғым эволюциялық даму сатысынан өтті. Өйткені алғашқы еңбегінде Э. Хауген тілдік жоспарлауды «әртекті сөйлеу ұжымының мүшелері жазбаша және ауызша сөйлеу барысында қолданатын нормативті орфографияны, грамматика мен сөздікті дайындау қызметі» деп анықтаса, кейін бұл анықтаманы тілдік жоспарлаудың бір бағыты, тілдік жоспарлаумен айналысатын тұлғалардың шешімдерінің бірі ғана деп көрсетіп, тілдік жоспарлау «тілдік формалардың бірінде пікір білдіру», тіптен, тілдік өзгерістерге берілген баға деп қарастырды [2]. Қазақстандық ғалымдар «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» тілдік жоспарлау саяси, білім беру, экономикалық, қоғамдық және лингвистикалық институттар арқылы тілдің қызметін өзгерту (мәртебелік тілдік жоспарлау), оның құрылымын реттеу (корпустық тілдік жоспарлау), тілді меңгеру үшін жағдай жасау (тілді меңгеруді жоспарлау) мақсатында тілдік жоспарлаудың белгілі субъектілерінің тіл иелерінің тілдік әрекетіне әсер етуі үшін дайындалған саналы, нақты шаралар (талпыныстар) деп көрсеткен [3, 286-287]. Ал сөздік авторлары тілдік саясатқа тілдік жоспарлаудың белгілі субъектілерінің тілдің функциясына, даму барысына саналы және мақсатты түрде әсер ету практикасы мен теориясы; қолданыстағы тілдердің қызметтерін басқарудың, қарым-қатынастың жаңа тілдік құралдарын жетілдірудің мақсатты және ғылыми негіздемесі деген анықтама береді [3, 275]. Екі анықтаманы салыстырып қарасақ, тілдік жоспарлау тілдің қызметін реттеудің теориялық аспектісін қамтыса, тілдік саясат теориялық негіздегі практикалық әрекеттерді де басқарады.

1965 жылы *La Linguistique* журналының № 2 санында Джошуа Фишманның «Who speaks what language to whom and when?» мақаласы жарық көріп, әлеуметтік лингвистикадағы тілдің әлеуметтік қызметіне қатысты зерттеулердің біразының негізін қалады. Ғалым тілдік қатынастың әлеуметтік ұйымдастырылуына мән беріп, тілді қолданып қана қоймай, тілге және оның иесіне белгілі әлеуметтік қатынас қалыптастыру қажеттілігін, экономикалық жоспарлау секілді тілді жоспарлауға қатысты әлеуметтік әрекеттер тілге және оның иелеріне керектігін айтты. Ал тілдік саясатқа қатысты толыққанды еңбек ретінде *Language Problems of Developing Nations* зерттеуін айтуға болады. Тілдік жоспарлау жаңадан тәуелсіздік алған африкалық және азиялық елдердегі тілдік мәселелерді әлеуметтік лингвистикалық жағдайды бағалап, тілді қолдануға қатысты белгілі өзгерістерді ұсыну арқылы реттеу жолы ретінде көрсетілді [4].

Тіл әлеуметтік және саяси мәселелермен тығыз байланыста дамиды, кейде тілдік жағдайдың белгілі сипаты әлеуметтік өзгерістердің және келіспеушіліктердің, қоғамның өзге салаларындағы саяси ұстанымдардың нәтижесі ретінде анықталады. Мысал ретінде кеңестік кезеңдегі саясаттың, азаматтардың әлеуметтік мақсаттары мен идеологиялық


ұстанымдарының салдарында орыс тілінен өзге тілдердің қолданысы азайып, мүмкіндігі шектелді. Жалпы, тілдік саясат негізгі екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі ассимиляцияға, гомогенизацияға, яғни монолингвизмге ұмтылады. Оның да берер артықшылықтары бар. Сол қоғамда пікір тұтастығы (тілдік гармония) қалыптасып, тиімділік артады. Р. Филлипсон анықтаған лингвистикалық империализм моделі де осы бағыттағы тілдік саясаттарды анықтайды. Ғалым мысал ретінде АҚШ пен Ұлыбританияның, Францияның отарлау саясатын жүргізген елдердегі саяси, әлеуметтік және мәдени үстемдік беру арқылы өз тілдерін (ағылшын, француз) жасанды түрде тарату саясатын келтіреді. Екінші бағыт бойынша аз ұлт өкілдерінің құқықтары мойындалып, плюралистік модель қолданылады, мемлекет тарапынан әртектілік қолдау табады. Бұл модельді ұстану қиын болғанымен, тілдік жоспарлау дұрыс ыңғайда жасалса, қауіп төнген тілдерге көмектесіп, олардың даму жолын анықтап береді. Жалпы, тарихи деректерге сүйенсек, қашан да «мықты» тілдер «әлсіз» тілдерді жұтып отырады. Дегенмен, бұл үдерістің жасанды екенін айта кеткен жөн, өйткені ол қоғамдағы әлеуметтік топтардың экономикалық және технологиялық инновацияларға, басым жағдайларға ие бөлігінің басым қарым-қатынастарымен сипатталады. Осындай жағдайларда тілді алмастыру үдерісінің маңызды құралы тілдік жоспарлау болып табылады. Десек те тілдік жоспарлауды үстемдіктің, гегемонияның немесе мәдени империализмнің құралы ретінде қарастыра алмаймыз. Жоспарлау ресурс пен энергияны саналы түрде анықтау, егер кей тілдер өзгелерімен салыстырғанда көпшілікке тез таралып, қолданыс аясы кеңейіп жатса, онда ақиқаттың солай болғаны [5, 394-395]. Тілдік саясат пен тілдік жоспарлаудың теориялық тұрғыда негізгі мақсаттары ортақ. С.Н. Кузнецов тілдік саясаттың мақсаттары ретінде 1) қолданыстағы тілді сақтауды; 2) қолданыстағы тілді өзгертуді; кейде 3) өлі әдеби тілдің функцияларын қалпына келтіруді (тірілтуді); 4) жаңа әдеби тілді қалыптастыруды көрсетсе, тілдік жоспарлаудың мақсаттарына (олар тілдік саясаттың мақсаттарына енбейді): 5) аймақтық тілден жоғары жүйе құруды (мысалы, жалпы скандинавиялық тілдік норма құру); 6) жалпы әлемдік тілден жоғары жүйе құруды (мысалы, халықаралық жасанды тілдер) жатқызады [6]. Б. Спольский тілдік саясат теориясының мақсаты ретінде сөйлеу қоғамының қалыптастырған шаблондары қатарынан сөйлеушінің қажетті шаблонды таңдай алу мүмкіндігін ескеруде деп көрсетеді [7].

Тілдік жоспарлау және тілдік саясат терминдерінің аражігін ажыратып, мағыналық айырмашылықты анықтау мақсатында О.А. Селиверстова барлық зерттеулерді төрт ыңғайда қарастырады [8, 9-10].

1. Тілдік саясат тілдік жоспарлаудың құрамдас бөлігі. Тілдік жоспарлау тілдік саясатқа қарағанда кең ұғымды білдіреді және тілге саналы және мақсатты түрде әсер етудің барлық үлгісін қамтиды [9, 119].

2. Тілдік жоспарлау тілдік саясаттың құрамдас бөлігі. Тілдік саясат қолданыстағы тілдердің немесе тілдік жүйелердің функционалды жіктемесін сақтау немесе өзгерту, жаңа тілдік норма енгізу немесе ескісін сақтап қалу үшін мемлекет, партия, класс, қоғамдық топ тарапынан жүргізілетін шаралардың жиынтығы. Тілдік саясатқа нормалау үдерістері, әдеби норманы кодификациялау, саналы сөзжасамдық және терминжасамдық қызмет, яғни қандай да бір коммуникативтік мақсат үшін тілдік қолданысты таңдау үдерісі жатады [10, 89]. Тілдік жоспарлау, негізінен, нақты бағдарлама дайындап, белгілі жоспарлауды жүзеге асыру үдерісі, ал тілдік саясат жоспарлауды да, тілге қатысты шараларды жүзеге асыруды да қамтиды. Тілдік жоспарлау туралы шешімдер (қай тілдер жоспарланады және мақсаты қандай) әртүрлі этникалық топтар мен билік арасындағы қатынастың сипатын анықтайды және әлеуметтік саяси, экономикалық мүдделерді көздейді. Қазіргі таңда идеал формаға құрылған, әмбебап тілдік саясат (идеал теория – өзара логикалық байланысқан және эмпирикалық расталған пропозициялардың жиынтығы) жоқ, әр аймақтың тілдік саясатын түсіну үшін идеологиялық негізді, жоспарлаудың негізінде алынатын мүдделер мен құндылықтарды, тілдік саясат ұстанымдарын есепке алу керек. Тілдік саясаттың жеке зерттеле бастағанына көп болмаса да зерттеушілер көтеріп жүрген мәселелер мен жасаған қорытындылары әлеуметтік және гуманитарлық бағыттағы пәндер үшін үлкен маңызға ие

[11, 117, 121]. Е.Б. Гришаева диссертациялық жұмысында В.Т. Клоковтың анықтамасын басшылыққа ала отырып, «тілдік саясатты ресми және бейресми тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, партиялардың, үкіметтің тілдің функционалды және құрылымдық бөлігіне саналы және мақсатты түрде әсер етуі» деп анықтап, тілдік саясатты тілдік жоспарлауға және тілдік құрылысқа жіктейді. Тілдік жоспарлауды тілдің қызметімен және жағдайымен байланысты міндеттерді шешу жолдарын іздеу және қолдану деп, ал тілдік құрылысты тілдің қызметі мен жағдайына әсер ету шараларын жүзеге асыру деп көрсетеді. Ойын келесі кестеге топтастырады:



тілдік жағдаят деңгейінде жеке тілдің ішкі жүйесі деңгейінде [12, 23-24]

Тілдік саясат теориясы үш құрамдас бөліктен тұрады, олар тілдік сенімдер немесе идеология (тіл туралы қоғам не ойлайды), тілдік практика (қоғам тілді қалай пайдаланады) және кез келген араласу, жоспарлау немесе менеджмент арқылы сол практиканы өзгертуге тырысу (қоғам тіл үшін не жасауға тырысады) [13].

3. Тілдік жоспарлау тілдік саясатты практикалық тұрғыда жүзеге асыру. М. Херриман мен Б. Барнаби тілдік жоспарлауды тілдік саясатты жүзеге асырудың құралы ретінде қарастырып, саясат мақсатты әрі саналы түрде дайындалған кезде, жоспарлаудың кей формаларын қамтитынын көрсетеді. Мемлекет (билік) ресми тілдік саясат жүргізбеген жағдайда ұлттық тілдер ресми тіл мәртебесін алуы мүмкін және бұл имплицитті (анық емес) тілдік саясаттың мысалы [14]. Мемлекет өз аймағындағы тілдерге қатысты саяси ұстанымдар қалыптастырады және оны тілдік жоспарлау ретінде жүзеге асырады. Тілдік жоспарлау кең мағынадағы тілдік саясат ұғымының бөлігі, дәлірек айтсақ, тілдік саясатты жүзеге асыру жолы [15, 163].

4. Тілдік саясат тілдік жоспарлауды практикалық тұрғыда жүзеге асыру. Тілдік саясат пен тілдік жоспарлау ұғымдарының арақатынасын сипаттай отырып, М. Феттс тілдік жоспарлау тілдік саясатты сыни бағалаумен байланысты болуы керек, өйткені тілдік жоспарлау дұрыстық пен тиімділік стандарттарын қалыптастырады, ал тілдік саясат жоспарлаудың үздік модельдерін қалыптастыру мақсатында стандарттарды практикада тексеріп көреді, бұл бағытты тілдік саясат және жоспарлау деп атаған жөн [16]

5. Тілдік жоспарлауды тілдік саясатпен тең деңгейде бүтіннің екі бөлшегі ретінде қарастыратын бесінші ыңғайды да қосуға болады. Ю.В. Кобенко тілдік реттеудің үш құралын көрсетеді, олар тілдік жоспарлау, тілдік саясат және лингвоконсидерация. Ғалым тілдік жоспарлаудың бағыттылығымен, болашаққа бағдарлану сипатымен ерекшеленетінін айтады. Яғни, тілдік жоспарлау қолданысындағы жоспар ұғымының өзі қандай да бір қадам жасалғанымен, нәтиженің қалыптаспағанын көрсетеді. Белгілі тұжырымдаманы жүзеге асыруға бағытталған немесе хаостық сипатта жүргізілетін лингвистикалық шаралардың жүйесі тілдік саясатты құрайды. Осылайша, тілдік саясат тілдік реттеудің қазіргі күйін көрсетеді, сол себепті де әлеуметтік лингвистика бағытында зерттеу жүргізетін ғалымдардың қызығушылығын тудырады [17, 194-195].

Көп ғалымдар тілдік жоспарлауды әлеуметтік тілтанудың жеке бағыты ретінде қалыптастыруға үлес қосып келеді. Тілдік жоспарлауға берілген анықтамалардың көптігіне

және әралуандығына қарамастан, негізгі ұғымы дәстүрлі түрде КІМ жоспарлайды, КІМ ҮШІН және ҚАЛАЙ сұрақтарының аясында қарастырылады. Э.Д. Сүлейменова мен Ж.С. Смагулова «Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане» монографиясында талпыныстардың көптігіне қарамастан, тілдік жоспарлау теориясының толыққанды қалыптаспағанын айтады. Оның себебін зерттеу нысанының ерекшелігімен түсіндіреді. Біріншіден, тілдік жоспарлау – әртүрлі экономикалық, идеологиялық, саяси және т.б. факторлардың әсеріне ұшырайтын кешенді әрекет; екіншіден, тілдік жоспарлау әртүрлі мақсаттарды көздейді. Үшіншіден, бір-бірінен түбегейлі ерекшеленетін жасырын мақсаттарды көздейді: экономикалық модернизация, ұлттық интеграция, ұлттық тәуелсіздік, империалистік гегемония, нәсілдік, сексуалдық және экономикалық теңдік, элитаның билігін сақтау немесе оны алмастыру. Тілдік жоспарлау жан-жақты байланыстар мен тәуелділікті көрсеткендіктен, оны зерттеудің унификацияланған әдістері туралы айту қиын. Тілдік жоспарлаудың бір аспектілерін зерттеуге арналған әдістер өзгелерін талдауға қауқарсыз болады [18, 112]. Тілдік жоспарлау теориясына қатысты ғалымдардың пікірін Қазақстан Республикасының тілдік саясаты аясында талдап көрсек, расымен, 1989 жылғы Тіл туралы заңға сай қазақ тілі мемлекеттік тіл болып таңдалғанына қарамастан, тіл мәртебесін бекітуде «сақтық шараларының» көп болғанын аңғарамыз. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 5-бабындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» [19] деген орыс тілінің мәртебесін қоғамдық жағдайды ушықтырмай, ұзақ жылдық тілдік жоспарлаудың мақсатына жету жолында тұрақтылық пен тыныштықты сақтау шарасы ретінде қабылдауға болады. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесін (2017 жылға қарай – 80%, 2020 жылға қарай – 90%)» мақсатымен қатар «республикадағы орыс тілін меңгерген тұрғындардың үлесін (2020 жылға қарай – 90%);» [20] жеткізу нысаналы индикаторы белгіленген. Бұл тілдік жоспарлау теориясына экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсерін әрі оның кешенді сипатын дәлелдейді. Бұл жерде қазақ тілін мәжбүрлі түрде тез арада қолданысқа енгізу арқылы оның қоғам алдындағы сүйкімділігін жоғалтып алмау жасырын мақсаты болды деп есептейміз. Оның үстіне әлемдік ғылымда тілдік жоспарлау мен саясаттың теориялық толыққандылығы, бірізділігі болмағандықтан, әдіс-тәсілдерді нақтылап, унификацияланған әдіс табу үшін уақыт керек болды. Лоялды, еркін тілдік саясат жүргізу тыныштық пен тұрақтылықты сақтай отырып, белгілі қадамдар жасауға мүмкіндік берді. Тілдік гегемонияға жол бермеу – енді тәуелсіз алған мемлекеттің позициясын бекіту шарасы болды. Осындай жасырын мақсат, қазақ тілінің мәртебесін көтеру бойынша ашық міндеттерді толыққанды орындауға кедергі келтірді. Материалдық ресурстар мен саяси тетіктердің болғанына қарамастан, қазақ тіліне қатысты Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген жоспар орындалмады.

Осылайша, 1989 жылдан бергі Қазақстан Республикасында жүргізілген тілдік саясатты келесі сатыларға бөліп көрсетуге болады:

1. Заңнамалық және әдіснамалық реттеу тетіктерін қалыптастыру кезеңі: «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң мен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың бағдарламасы дайындалды, елдің тілдік жағдаяты зерттеліп, әлеуметтік лингвистикалық (сауалнамалар, эксперименттер) жұмыстар жүргізілді. Аталмыш кезең қазақ тілі мемлекеттік тіл болғанымен, орыс тіліне үстемдік берілуімен ерекшеленеді.

2. Үш тіл: 2006 жылы ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Халқы Ассамблеясының XII құрылтайында «үш тұғырлы тіл» саясаты туралы айтты. Оған сай «қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» ретінде анықталды. Бұл идеология да орыс тілінің әсерінен арылудың қадамы болды есептейміз. Шетелдік білімді орыс тілі арқылы емес, ағылшын тілінде алуға мүмкіндік берілді.

3. 2019 жылы ҚР Президенті ауысып, жаңа басшы Қ.К. Тоқаев өз жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін» [21] деді. Сол жылдың 31 желтоқсанында жаңа «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Онда «үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгерген халықтың үлесі: 2020 жылы – 26%, 2021 жылы – 27%, 2022 жылы – 28%, 2023 жылы – 29%, 2024 жылы – 30%, 2025 жылы – 31%» [22] нысаналы индикаторы қойылғанымен, мақсаты «қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу» деп анықталды. Орыс тіліне қатысты мақсатты көрсеткіштер жоқ. Негізгі назар қазақ тіліне аударылған. Бұл тілдік саясаттағы мемлекеттік тілге бетбұрысты көрсетеді. Үшінші кезеңнің ерекшелігі осында деп ойлаймыз.

Африка елдеріндегі француз тілін зерттеуге арналған еңбектерінде П. Дюмон мен Ж. Морэ тілдік жоспарлауды әртүрлі, көбіне көптілді қоғамдағы тілдік мәселелер зерттеу және сол мәселелерге қатысты шешімдерді жүйелі түрде ұйымдастыру деп анықтап, оның үш деңгейін көрсетеді: *әлеуметтік лингвистикалық деңгей* тілдік жоспарлау саясатының негізгі бастауы және қоғамның әлеуметтік лингвистикалық жағдаятын сипаттауды қамтиды. Осы мәселеге қатысты бірнеше ыңғай қалыптасқан. А) Дәстүрлі ыңғай – қандай да бір тілдік жағдаяттың спецификасын құрайтын әртүрлі факторларды зерттейді, топтастырады, сипаттайды: - тарихи фактор (әртүрлі тілдермен немесе өзге тілмен салыстырғандағы белгілі тілдің пайда болу себептері зерттеледі); - географиялық және экономикалық факторлар (аймақтың географиялық ерекшеліктерінің тілге әсері қарастырылады; сол қоғамға тән саяси және экономикалық құрылымның типі); - лингвистикалық фактор (тілдік байланыстар диахрония (субстрат, суперстрат немесе адстрат) және синхрония (кірме сөздер, калькалар және т.б.) тұрғысынан зерттеледі); - әлеуметтік лингвистикалық фактор (демолингвистикалық сипаттағы статикалық сипаттаулар). Ә) Заманауи ыңғай – Р. Шоденсон ұсынған мейлінше жүйеленген және объективті ыңғай. Автор «statut du corpus», тілдік норманы таңдау, тілді стандарттау және модернизациялау секілді ұғымдарды қарастырады және қолданысқа енгізеді. *Саяси деңгей* тілдік саясатқа қатысты қиындықтарды қарастырады. Білім беру, ғылым, соттық жүйе және т.б. бағыттарда реформа жүргізу қажеттілігі сөз болады. *Лингвистикалық деңгей* тікелей тілдік аспектілерді (тілді тарату және сапасын арттыру бойынша белгіленген міндеттерді орындау) қарастырады [23].

ҚОРЫТЫНДЫ

М. Наир (M. Nahir) Language Problems and Language Planning журналына жариялаған екі мақаласының алғашқысында (1977) тілдік жоспарлаудың бес аспектісін көрсетсе, 1984 жылы жариялаған екінші мақаласында мәселені толықтырып, тілдік жоспарлаудың айналысатын мәселелерін топтастырып 11 мақсатын көрсетті:

- 1) Пурификация – қажетті грамматика мен сөздіктерді дайындау арқылы тілдің лингвистикалық үйлесімі мен стандарттарын сақтау;
- 2) Жандандыру – тілді қайта қолданысқа енгізу немесе тілді жандандыру әрекеттерінің нәтижесінде пайдаланылатын тілмен жұмыс жасау;
- 3) Тілдік реформа – тілді пайдалануды жеңілдету мақсатында орфографиясына, лексикасына, грамматикасына өзгерістер енгізу;
- 4) Тиімді қарым-қатынас орнату үшін тілді стандарттау, ол педагогикалық грамматика және сөздіктер арқылы жүргізіледі;
- 5) Тілді тарату – сөйлеушілердің санын арттыру арқылы тіл иелерінің санын көбейту талпынысы;
- 6) Лексикалық модернизация – жаңа концептілермен және технологиялармен жұмыс жасау үшін тілдің мүмкіндіктерін молайту;

7) Терминологиялық унификация немесе терминологиялық жоспарлау, ол медицина, ғылым, өнеркәсіп, теңіз саудасы, авиация секілді салалардағы терминдердің географиялық аймақтардағы баламаларын әзірлеумен байланысты;

8) Стилистикалық жеңілдету – мәтінді оқу жеңілдігін қамтамасыз ету және лексикасы мен синтаксисін түсінікті ету талпыныстары;

9) Тіл аралық қарым-қатынас – әртүрлі тілдік қауымдастықтар арасындағы қатынасты жеңілдету жолы;

10) Тілді сақтау мақсатында қолдау көрсету;

11) Қосымша кодты стандарттау, есту-сөйлеу қабілеті жоқ тұлғаларға арналған белгілер, географиялық атаулар және транслитерациялау ережелері [24].

Ғалым көрсеткен мақсаттарды толықтыруға немесе керісінше, біріктіріп, азайтып беруге болады. Мысалы, стилистикалық жеңілдету мен тілді стандарттау міндеттерін тілдік реформа аясында жүргізуге болады. Тілді жандандыру мен сақтау мақсатында қолдау көрсету мақсаттары бірдей әрекеттердің негізінде орындалады. Дегенмен, осы мәселелердің барлығы тілдік жоспарлау теориясының концептуалды өрісін құрайтыны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Fastprint, 2019. – 160 б.
- 2 Хауген Э. Лингвистика и языковое планирование (Новое в лингвистике. Вып. VII. Социоллингвистика. – М., 1975. – С. 441-472. <http://www.philology.ru/linguistics1/haugen-75.htm>
- 3 Словарь социоллингвистических терминов. – Издание 2-е, дополненное и переработанное/Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смагулова, Д.Х. Аканова; Отв. ред. Э.Д. Сулейменова. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 330 стр.
- 4 Garcı́a O. Language Policy // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences, Second Edition, 2015, 353-359 <https://ofeliagarciadotorg.files.wordpress.com/2011/02/languagepolicy.pdf>
- 5 Гришаева Е.Б. Применение междисциплинарного подхода к изучению языкового планирования // Вестник КрасГАУ, 2006. – №11 – С. 392-399.
- 6 Кузнецов С.Н. Языковая политика и языковое планирование. – http://genhis.philol.msu.ru/article_195.shtml 11.12.2020
- 7 Spolsky V. Towards a Theory of Language Policy https://wpel.gse.upenn.edu/sites/default/files/archives/v22/v22n1_Spolsky.pdf
- 8 Селиверстова О.А. К вопросу о дефиниционных различиях понятий «языковая политика» и «языковое планирование» в отечественной и зарубежной лингвистике // Известия Волгоградского Государственного Педагогического университета. – 2014. – №10 (95). – С. 8-12.
- 9 Швейцар А.Д. Никольский Л.Б. Введение в социоллингвистику. – Москва: Высшая школа, 1978. – 216 стр.
- 10 Цыбденова Б.Ж. Понятия «языковая политика» и «языковое планирование» в отечественной и американской социоллингвистике // Материалы межд. конф. Сохранение и развитие языков и культур коренных народов Сибири. – Абакан. – 2016. – С. 88-91.
- 11 Пшегусова Г.С., Иванова Д.Н. Новые теоретические подходы к вопросам языковой политики // Социально-гуманитарные знания. – 2014. – №11. – С. 117-121.
- 12 Гришаева Е.Б. Типология языковых политик и языкового планирования в полиэтническом и мультикультурном пространстве (функциональный аспект) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филол.наук. – 2007. – 47 стр.
- 13 Spolsky, V. Language Policy. – Cambridge: Cambridge University press, 2004.
- 14 Herriman M., & Burnaby B. Language policies in English-dominant countries. Clevedon, England: Multilingual Matters, 1996. – 244 p.
- 15 Бахтин Н.Б., Головкин Е.В. Социоллингвистика и социология язык. Учебное пособие. – Сб.: Гуманитарная академия, 2004. – 336 стр.

- 16 Fettes, M. Language planning and education // In R. Wodak & D. Corson (Eds.), *Language Policy and Political Issues in Education*. – Dordrecht, The Netherlands: Kluwer Academic. – 1997. – P. 13-22.
- 17 Кобенко Ю.В. Языковая политика и языковое планирование в призме регуляции корпуса и статуса титульного языка / *Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина*. – 2010. – Том 1. – № 1. – С. 193-198.
- 18 Сулейменова Э.Д., Смагулова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане/ Под общ.ред. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 стр.
- 19 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
- 20 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
- 21 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019#z0>
- 22 Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- 23 Daoust D., Maurais J. L. *amenagement linguistique // Politique et aménagement linguistique*. P., 1987. – P. 5-46.
- 24 Nahir, M., *Language planning goals: a classification. Language Problems and Language Planning*. – 1984. – Vol. 8. – Issue 3. – P. 294-327.

Материал 08.01.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Omarbekova G.A. *Language and globalization. Textbook*. – Nur-Sultan: Fastprint, 2019. – 160 p.
- 2 Haugen E. *Linguistics and language planning (New in linguistics. Issue. VII. Sociolinguistics*. – M., 1975. – P. 441-472. <http://www.philology.ru/linguistics1/haugen-75.htm>
- 3 *Dictionary of sociolinguistic terms*. – 2nd edition, supplemented and reworked / Suleimenova, N.J. Shaimerdenova, J.S. Smagulova, D.H. Akanova; responsible editor E.D. Suleimenova. – Almaty: Qazaq universiteti, 2007. – 330 p.
- 4 Garcí'a O. *Language Policy // International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences, Second Edition, 2015, 353–359* <https://ofeliagarciaidotrg.files.wordpress.com/2011/02/languagepolicy.pdf>
- 5 Grishaeva E.B. *Application of interdisciplinary approach to the study of language planning // Bulletin of KrasGAU, 2006. – №11 – P. 392-399.*
- 6 Kuznetsov S.N. *Language policy and language planning*. – http://genhis.philol.msu.ru/article_195.shtml 11.12.2020
- 7 Spolsky B. *Towards a Theory of Language Policy* https://wpel.gse.upenn.edu/sites/default/files/archives/v22/v22n1_Spolsky.pdf
- 8 Seliverstova O.A. *To the question of defining differences in the concepts of "language policy" and "language planning" in domestic and foreign linguistics // News of Volgograd State Pedagogical University. – 2014. – №10 (95). – P. 8-12.*
- 9 Shveitsar A.D. Nikolsky L.B. *Introduction to sociolinguistics*. – Moscow: Higher school, 1978. – 216 p.
- 10 Tsybdenova B.J. *The concept of "language policy" and "language planning" in domestic and American sociolinguistics // Materials of the international conference Preservation and development of languages and cultures of the Siberian peoples. – Abakan. – 2016. – P. 88-91.*
- 11 Pshegusova G.S., Ivanova D.N. *New theoretical approaches to the issues of language policy // Socio-humanitarian knowledge. – 2014. – №11. – P. 117-121.*

- 12 Grishaeva E.B. Typology of linguistic politics and linguistic planning in multiethnic and multicultural space (functional aspect) // Author of the abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philology.– 2007. – 47 p.
- 13 Spolsky, B. Language Policy. – Cambridge: Cambridge University press, 2004.
- 14 Herriman M., & Burnaby B. Language policies in English-dominant countries. Clevedon, England: Multilingual Matters, 1996. – 244 p.
- 15 Bahtın N.B., Golovko E.V. Sociolinguistics and sociology of language. Textbook. – St. Petersburg: Humanities Academy, 2004. – 336 p.
- 16 Fettes, M. Language planning and education // In R. Wodak & D. Corson (Eds.), Language Policy and Political Issues in Education. – Dordrecht, The Netherlands: Kluwer Academic. – 1997. – P. 13-22.
- 17 Kobenko U.V. Language policy and language planning in the prism of corpus regulation and the status of the title language / Bulletin of Leningrad State University named after AS Pushkina. – 2010. – Т. 1. – № 1. – P. 193-198.
- 18 Suleimenova E.D., Smagulova J.S. Language situation and language planning in Kazakhstan / Under the general edition of E.D. Suleimenova. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 344 p.
- 19 The Law “On Languages in the Republic of Kazakhstan” https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
- 20 The state program of development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110>
- 21 President of the Republic of Kazakhstan K.K. Tokayev's Address to the People of Kazakhstan "Constructive Public Dialogue - the Basis of Stability and Prosperity of Kazakhstan" <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019#z0>
- 22 The state program of implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- 23 Daoust D., Maurais J. L. aménagement linguistique // Politique et aménagement linguistique. P., 1987. – P. 5-46.
- 24 Nahir, M., Language planning goals: a classification. Language Problems and Language Planning. – 1984. – Vol. 8. – Issue 3. – P. 294-327.

Концептуальная система теории языкового планирования

Ж. Кузембекова¹, Р. Акшолова¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050059, Республика Казахстан

В данной статье собраны и систематизированы суждения отечественных и зарубежных ученых об языковом планировании и языковой политике, об их особенностях и различиях. Описан путь становления теории языкового планирования, направления развития и сегодняшнее состояние. Очевидно, что языковое планирование имеет особую важность в расширении сфер использования любого языка и развитии внутреннего и внешнего потенциала языка. Оно может предотвратить несогласия и недовольства членов общества и ущемления прав по языковым параметрам. И это рождает веру в безопасность и жизненную гармонию в членах этого сообщества. Языковая политика, как часть государственной (национальной) политики имеет огромный потенциал. Автор рассматривает языковое планирование как средство формирования целостности и взаимопонимания в языковом сообществе.

Материал поступил в редакцию журнала 08.01.2021

Conceptual system of language planning theory

Zh. Kuzembekova¹, R. Aksholakova¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050059, Republic of Kazakhstan

This article collects and systematizes the judgments of domestic and foreign scientists about language planning and language policy, about their features and differences. The way of formation of the theory of language planning, directions of development and the current state are described. Obviously, language planning is of particular importance in expanding the use of any language and in developing the internal and external potential of the language. It can prevent discord and discontent among members of society and infringement of rights on linguistic parameters. And this gives rise to faith in security and harmony in life in the members of this community. Language policy as a part of state (national) policy has great potential. The author considers language planning as a means of forming integrity and mutual understanding in the language community.

Received: 08.01.2021